

**ДЕКАНДАР, КАФЕДРА МЕНҒЕРУШІЛЕРІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ФАКУЛЬТЕТ КООРДИНАТОРЛАРЫ,
СТУДЕНТТЕР ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАР НАЗАРЫНА!**

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығы (әрі қарай - ХЫЖКОДО) 2018-2019 оқу жылында сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысуға үміткерлерді іріктеуді жариялайды. Хабарландыруларды деканаттардан, кафедралардан, ҚАТУ сайтынан және хабарландыру тақтасынан (1 қабат) көруге болады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша байқаудан өтуге ниетті білім алушылар 2017 жылдың 14 қарашасына дейін бас ғимараттың ХЫЖКОДО бөліміне (1310 каб.) баруып тіркелуі керек. Халықаралық сертификаттары бар студенттер / магистранттар сертификаттарын алдын-ала (14 қарашаға дейін) мына электрондық мекенжайға тапсырулары керек: icmedc.katu@gmail.com

- IELTS – 6.0 кем емес;
- TOEFL – 550 кем емес;
- DELF – B2 кем емес;
- TFC – B1, B2 кем емес;
- DAF – B2, C1.

Үміткерлердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатымен 2017 жылдың **15 қарашасында, 14.00-ден 18.00-ге дейін** бас ғимараттың **1216** аудиториясында, сонымен қатар, **16 қарашада, 14.00-ден 18.00-ге дейін** бас ғимараттың **1107 және 1107а** аудиторияларында тестілеу өткізіледі. Тестілеу компьютерлік форматта өтеді (*тестілеуге міндетті түрде жеке куәлікпен келу керек*).

Кандидаттарға қойылатын талаптар:

- мемлекеттік білім гранты негізінде оқу,
- 2017-2018 оқу жылының I семестр бойынша **GPA 3,33** кем емес
- **2-3 курс студенттері (төрт жылдық оқу), 2-4 курс студенттері (бес жылдық оқу) және 1 курс магистранттары.**

Жоғарыда көрсетілген халықаралық үлгідегі сертификаттары бар үміткерлер тестілеуден босатылады және келесі кезеңге өтеді (*сертификаттар көшірмелерін ХЫЖКОДО-ға түпнұсқалығын тексеру және тіркеу үшін әкелу*):

Тестілеуден сәтті өткен және жоғарыда көрсетілген халықаралық үлгідегі сертификаттары бар үміткерлер конкурстың II және III кезеңдеріне жіберіледі. Тестілеу нәтижелерін **2017 жылдың 20 қарашасынан** бастап деканаттардан, кафедралардан және хабарландыру тақтасынан білуге болады.

Конкурстың II және III кезеңдерінің өту уақыты кейін хабарланады.

Қосымша сұрақтар бойынша ХЫЖКОДО (каб.1310 Бас корпусы) бара аласыз. Тел.: 31-77-19, e-mail: icmedc.katu@gmail.com.